

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ САЯСАТЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Дербес деректерді өңдеу және құпиялылық саясаты (әрі қарай — Саясат) «ПВ «Фарм Евразия» ЖШС-нің (БСН220540014260) (әрі қарай — Компания, Оператор) пайдаланушылардың (әрі қарай — Клиенттер) дербес деректерін өңдеу және қорғау тәртібін, қағидалары мен шарттарын айқындайды.
- 1.2. Саясат Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, сондай-ақ дербес деректерді өңдеудің халықаралық қағидаларын ескере отырып әзірленген.
- 1.3. Саясат дербес деректерді өңдеу кезінде заңдылық, әділеттілік, құпиялылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғауға бағытталған.
- 1.4. Саясат Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 396 бабына сәйкес Клиент пен Компанияның арасындағы заң бойынша міндетті келісім болып саналады.
- 1.5. Саясат Интернет желісінде мына мекенжай бойынша орналасқан: **prostatit.longidaza.kz** және Компания оны алдын ала хабарлаусыз бір тараптық тәртіппен өзгерте алады. Өзгертулер енгізгеннен кейін Клиент Сайтты әрі қарай қолданатын болса, ол Клиенттің осындай өзгертулерге келіскендігін білдіреді.
- 1.6. Клиент ұсынған деректерінің шынайылығы мен өзектілігі, сондай-ақ жеке кабинетке кіруге арналған деректердің сақтаулы болуы үшін жауапты болады. Клиенттің сервисті пайдалануы оның осы Саясат ережелеріне келісетіндігін растайды.
- 1.7. Сайт әкімшілігі Клиенттерге осы Саясаттың шарттарына енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулардың бар-жоғын үнемі тексеріп отыруға кеңес береді. Осы Саясатқа өзгертулер және/немесе толықтыруларды енгізгеннен кейін Клиент Сайтты әрі қарай пайдаланатын болса, ол Пайдаланушының осындай өзгертулерге және/немесе толықтыруларды қабылдайтындығын және келісетіндігін білдіреді.
- 1.8. Дербес деректерді өңдеуге қатысты мәселелер бойынша Клиент мына мекенжай бойынша хабарласа алады: Қазақстан Алматы қаласы, Алмалы ауданы, көшесі Маметова, үй 54

2. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

- 2.1. Дербес деректерді автоматтандырылған өңдеу — дербес деректерді есептегіш техника құралдарының көмегімен өңдеу.
- 2.2. Дербес деректер — белгілі бір Клиентке тікелей немесе жанама қатысы бар кез келген ақпарат.
- 2.3. Дербес деректердің ақпараттық жүйесі — дербес деректердің деректер базасында бар және оларды өңдеуді қамтамасыз ететін ақпараттық технологиялар мен техникалық құралдардың жиынтығы;
- 2.4. Дербес деректерді өңдеу — автоматтандырылған құралдарды қолдану немесе қолданбай жасалатын кез келген әрекеттер: жинау, жазу, жүйелендіру, сақтау, нақтылау, алып шығу, пайдалану, тапсыру, иесіздендіру, бұғаттау, өшіру, жою.
- 2.5. Оператор — дербес деректерді өңдеуді өзі немесе басқа тұлғалармен бірге ұйымдастыратын және (немесе) жүзеге асыратын Компания.
- 2.6. Веб-сайт — Компанияның Polyoxidonium.kz, мекенжайы бойынша орналасқан интернет-ресурсы.

2.7. Клиент — Компанияның сайты пайдаланатын және/немесе өзінің дербес деректерін беретін кез келген жеке тұлға.

3. ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІҢ САНАТТАРЫ

3.1. Компания мына деректерді өңдей алады:

- 1) Т.А.Ә.;
- 2) туған күні;
- 3) жеке басты куәландыратын құжаттың деректері;
- 4) тіркелген және тұрғылықты мекенжайы;
- 5) байланыс деректері (телефон, email және т.б.);
- 6) қызметі мен табысы туралы мәліметтер;
- 7) техникалық деректер (IP-мекенжайы, cookies, құрылғы мен браузер типі, лог жазбалары және т.б.).

3.2. Компания өзекті қызметтерді ұсыну үшін Клиенттің дербес деректерін жаңартып отыруға және нақтылауға құқылы.

3.3. Cookies және өзге техникалық деректер сайттың жұмысы, сараптама, сервисті жақсарту және контентті дербестендіру үшін қолданылады. Клиент cookies-терді браузер баптаулары арқылы ажырата алады.

3.4. Компания 18 жасқа толмаған тұлғалардың дербес деректерін олардың заңды өкілдерінің келісімінсіз жинамайды және өңдемейді.

4. ӨНДЕУ МАҚСАТТАРЫ

4.1. Өңдеу мына мақсаттарда жүргізіледі:

- Компанияның қызметтерін ұсыну және банктер, МҚҰ және басқа серіктестермен өзара әрекеттесу;
- келісімшарттардың шарттарын орындау;
- Клиентті сәйкестендіру;
- кері байланыс және хабарламалар жіберіп отыру;
- ҚР заңнамасының талаптарын орындау;
- даулы жағдайларда Компанияның мүдделерін қорғау.

4.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда, оның ішінде, келісімшартты, мемлекеттік органдардың талаптарын, сот актілерін орындау үшін дербес деректерді өңдеу Клиенттің келісімінсіз жүргізілуі мүмкін.

5. КЛИЕНТТІҢ КЕЛІСІМІ

5.1. Дербес деректерді беру және/немесе сайтта тіркелу оларды өңдеуге келісім болып саналады.

5.2. Келісім қызмет көрсетілетін мерзім ішінде және, егер заңнамада өзге талаптар қарастырылмаған болса, содан кейін 5 жыл бойы (оның ішінде сот тәртібімен) әрекет етеді.

5.3. Клиент өз келісімін Компанияның электрондық поштасына *info@pveur.kz* хабарлама жіберу арқылы кері қайтарып ала алады. Компания келісімді кері қайтарып алу қызметтерді көрсетудің мүмкін болмай қалуына соқтыруы мүмкін екендігін ескертеді.

5.4. Клиент Компанияға өзінің дербес деректерінің өзгергені жайлы уақытылы хабарлап отыруға міндетті.

6. ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ

6.1. Компания дербес деректерді рұқсатсыз қолдану, жоғалту және бұрмалаудан қорғау бойынша заңнамада қарастырылған барлық іс-шараларды жүзеге асырады.

6.2. Деректерді қолдану мүмкіндігі тек өкілетті қызметкерлерге беріледі.

- 6.3. Деректерді үшінші тұлғаларға беру тек келісімшартты орындау үшін немесе Клиенттің келісімі болған кезде мүмкін болады (оның ішінде банктерге, МҚҰ, төлем жүйелеріне және т.б.).
- 6.4. Компания Клиент өз деректерін өзі берген ұйымдардың әрекеттері мен шешімдері үшін жауапты емес.
- 6.5. Деректерді рұқсатсыз қолдану Компанияның кінәсінен болмаған кездер үшін Компания жауапты емес.
- 6.6. Деректерді рұқсатсыз қолдану немесе жоғалту фактісі анықталған жағдайда Компания заңнама бойынша белгіленген мерзім ішінде Клиент пен құзіретті органдарды хабардар етеді.
- 6.7. Компанияда дербес деректерді өңдеу және қорғауды ұйымдастыру үшін жауапты тұлға тағайындалған.

7. КЛИЕНТТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 7.1. Клиенттің мынадай құқықтары бар:
 - 7.1.1. деректерді өңдеу туралы ақпарат алып отыру;
 - 7.1.2. деректерді өзгерту немесе өшіруді талап ету;
 - 7.1.3. өңдеуге келісімін кері қайтарып алу (жоғарыда көтерілген салдарды ескере отырып);
 - 7.1.4. өкілетті органдарға Компанияның әрекетіне қатысты шағым беру.

8. ДЕРЕКТЕРДІ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ

- 8.1. Компания дербес деректерді қорғау үшін барлық қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық іс-шараларды қолданады.
- 8.2. Деректерді қолдануға рұқсат Компанияның тек өкілетті қызметкерлерінде бар.
- 8.3. Деректерді сақтау мерзімі — өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажет немесе заңнама бойынша белгіленген мерзімнен аспайды.

9. ДЕРЕКТЕРДІ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАРҒА БЕРУ

- 9.1. Компания деректерді мыналарға бере алады:
 - заңда қарастырылған жағдайларда өкілетті органдарға;
 - тиісті келісім бар болған жағдайда серіктестер мен мердігерлерге;
 - Пайдаланушының жазбаша келісімі бар болса және деректерді қорғау бойынша талаптар сақталған жағдайда Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге.
- 9.2. Деректерді басқа мемлекеттерге жіберген жағдайда Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес деректердің дұрыс қорғалуына кепілдік беретін шарттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

10. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 10.1. Осы Саясат Сайтқа орналастырған сәттен бастап күшіне енеді.
- 10.2. Компания Саясатқа алдын ала хабарлаусыз өзгертулер енгізу құқығына ие.
- 10.3. Саясат жаңа редакцияға алмастырғанға дейін мерзімсіз әрекет етеді.
- 10.4. Даулардың бәрі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіппен шешілуі тиіс.
- 10.5. Жекелеген ережелердің жарамсыздығы Саясаттың қалған ережелерінің жарамдылығына әсер етпейді.